

## Мемлекеттік қызмет көрсетудің кейбір стандарттарын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 27 мамырдағы N 100 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2008 жылғы 20 маусымда N 7-13-74 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 6 қазандағы N 198 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы  
әкімдігінің 2010.10.06 N 198 Қаулысымен.  
Р Қ А О е ск е р т п е с і .**

### **Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.**

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 558 "Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандартын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық деңгейде көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттары бекітілсін:

- 1) Жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу (1-қосымша);
- 2) Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу (2-қосымша);
- 3) Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою (3-қосымша);
- 4) Патронаттық тәрбиелеуге балаларды алуға тілек білдірген отбасылардан етініштер қабылдау (4-қосымша);
- 5) Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өнірлік есепке қою (5-қосымша);
- 6) Мектепке дейінгі балалар мекемелеріне жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды тіркеу (6-қосымша);
- 7) Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу (7-қосымша);
- 8) Мүгедектерге сурдо-тифлоқұралдар мен міндettі гигиеналық құралдар беру (8-қосымша);
- 9) 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларғамемлекеттік жәрдемақылар тағайындау (9-қосымша);

10) Тұрғын үй көмегін тағайындау (10-қосымша);

11) Мұгедектер үйінде, оның ішінде бөгде адамның құтіміне және жәрдеміне мұқтаж мұгедек балаларға әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу (11-қосымша);

12) Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу (12-қосымша);

13) Үйде тәрбиеленетін және оқитын мұгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу (13-қосымша);

14) Отын сатып алу бойынша ауылдық жерде әлеуметтік сала мамандарына әлеуметтік көмек тағайындау (14-қосымша);

15) Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға құжаттар ресімдеу (15-қосымша);

16) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (16-қосымша);

17) Қосалқы шаруашылығының бар екендігі туралы анықтама беру (17-қосымша);

18) Мал базы туралы мәліметтер (18-қосымша);

19) Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру (19-қосымша);

20) Қорғаншы (қамқоршы) болып белгіленген адамға куәлік беру (20-қосымша);

21) Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын ауыстыруға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалды кеңсеге анықтама беру (21-қосымша);

22) Зейнеткерлік қорларға, Ішкі істер министрлігі жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтама беру (22-қосымша);

23) Кәмелетке толмағандарға тиесілі тұрғын үйді банкке несие ресімдеу үшін кепілге қоюға рұқсат беру (23-қосымша);

24) Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мұдделерін қозғайтын мәмілелерді жасау үшін қорғаншылар мен қамқоршылар кеңесінің шешіміне анықтама беру (24-қосымша);

25) Лизингке техниканы сатып алу үшін анықтама беру (25-қосымша);

2. Тиісті мемлекеттік қызметтерді көрсететін мемлекеттік органдар осы қаулыдан туындастын қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының жетекшісі Қ. Айтмұхамбетовке жүктелсін.

Аудан әкімі

А.Дәулетжанов

Шыңғырау ауданы әкімдігінің

**"Жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы - жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет төмендегі негізінде көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 15 бабы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының іске асырылуы жөніндегі шаралар туралы" қаулысы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 "Жеке және занды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысының 1-бөлімінің 22-тармағы.

4. Аталған мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органдың, мемлекеттік мекеменің атауы:

Шыңғырлау ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім), мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91, телефон: 33-147.

5. Тұтынушы аталатын мемлекеттік қызметті көрсетуді аяқтау нысаны – жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу, тұрақты немесе уақытша, ақылы қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына және кәсіби оқуға жолдама беру, келісімшарт жасасу.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларына көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету қажетті құжаттарды тапсырған (тіркелген, талон алған сәттен бастап), мемлекеттік қызметті алу үшін электрондық сұрау берген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезеңнен бастап ең аз уақыт мөлшері - 20 минуттан аспайды;

2) қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін кезек күтүге ең ұзак уақыт - 20 минуттан аспайды;

3) құжаттарды алған кезде кезек күтүге ең ұзак уақыт – оларды тұрақты, қоғамдық жұмыстарға және әлеуметтік жұмыс орындарына немесе кәсіби даярлыққа қажетті құжаттарды тапсырғаннан сөттен бастап есепке алынып, жолдама беріледі – уақыт 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі – бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттар, Шыңғырлау ауданы әкімдігінің ресми сайты ([www.chingirlau.westkaz.kz](http://www.chingirlau.westkaz.kz)). Бұл стандарт Шыңғырлау ауданы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің дәлізінде орналасқан, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91.

10. Жұмыс кестесі – күн сайын сағат 9.00-18.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, үзіліс уақыты сағат 13.30-14.30-ге дейін, аталған мемлекеттік қызметті алу үшін алдын-ала жазылу және жедел қызмет көрсету қарастырылмаған.

11. Осы мемлекеттік қызмет көрсету үшін ұсынылатын қолайлар жағдайлар:

1) бөлмеде мемлекеттік және орыс тілдерінде арыздардың үлгілері көрсетілген жазу үстелдері мен орындықтар қойылған;

2) кабинеттердің қасында күтүге орындықтар қойылған;

3) жаз мезгілдері тұрақты температуралы сақтау үшін ауа тазартқыш орналасқан.

4) есік алдында балалар мен мүгедектердің арбалары үшін пандус орнатылған;

5) өрт қауіпсіздігі талаптары сақталған.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін, оның ішінде женілдіктері бар адамдар үшін қажетті құжаттар мен талаптар тізбесі:

1) жеке куәлігін (паспортын)- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы әділет басқармасының Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы беріледі, күн сайын сағат 9.00-18.30-ге дейін үзіліс 13.00-14.30, телефон: 33-311; мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Тайманов көшесі 95;

2) енбек қызметін растайтын құжаттарды;

3) әлеуметтік жеке код берілгені туралы куәлікті (ӘЖК)- Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы бойынша Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы

арқылы беріледі, күн сайын сағат 08.30-18.00-ге дейін, үзіліс сағат 12.30-14.00 дейін сенбі мен жексенбіден басқа күндері, телефон: 34-056; мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Есқалиев көшесі 18;

4) салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТН)-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы бойынша салық комитетінде беріледі, сенбі мен жексенбіден басқа күндері сағат 09.00-18.30-ға дейін қабылдайды, үзіліс уақыты сағат 13.00-14.30-ге дейін, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Қылышев көшесі 87, телефон: 333-01;

Жұмыс іздең жүрген адам, осы тармағында санамаланған құжаттардан басқа, алған табыстары туралы (мәлімдеу сипатындағы) мәліметтерді қоса береді.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар бұдан басқа, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын және азаматтығы жоқ адамның ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар қуәлігін ұсынады.

Оралмандар халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдары берген оралман қуәлігін ұсынады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтыруға бланктер берілмейді.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжатты тапсыратын жауапты адамның кабинетінің мекенжайы мен нөмірі:

Бөлімнің жұмыспен қамту және еңбек қатынастар секторы, мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91, 1 қабат, N 2 кабинет, телефон: 33-352:

15. Тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын құжат – жұмыссыздардың құжаттарын қабылдаған сектор мамандары, оның барлық мәліметтері базаға енгізілгенін хабарлайды және жұмысқа немесе қасіби оқуға баруға жолдама ұсынылады.

16. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі – жұмыссыздардың жеке жолыққан кезінде мамандар қортындысын хабарлайды.

Жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу туралы ақпаратты электрондық пошта немесе сайт арқылы жіберу қарастырылмаған.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға немесе бас тартуға негізdemелердің толық тізбесі:

1) осы стандарттың 12-тармақшасында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінің толық болмауы;

2) құжаттардағы ақпараттың толық немесе нақты болмауы.

### **3. Жұмыс қағидалары**

18. Бөлім мамандары жұмыс барысында мынадай қағидаттарды басшылыққа алады: сырттың қорсетілетін мемлекеттік қызмет туралы жан-ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялыштың қамтамасыз ету.

#### 4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандартқа қосымшадағыға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

#### 5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағым дайындауға жәрдем көрсететін мемлекеттік органның атауы, лауазымды тұлғаның телефонының, кабинетінің нөмірі:

1) Тұтынушы егер Бөлім мамандарына шағымданған жағдайда, Бөлімінің бастығы шағымдану тәртібін түсіндіріп, шағым дайындауға жәрдем көрсетеді, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91, N 4 кабинет, телефон: 33-147.

2) Тұтынушы егер Бөлім бастығына шағымданған жағдайда Шыңғырлау ауданы әкімінің аппарат жетекшісі шағымдану тәртібін түсіндіріп, шағым дайындауға жәрдем көрсетеді, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 95, N 3 кабинет, телефон: 33-345.

22. Шағым берілетін мемлекеттік органның атауы, лауазымды тұлғаның кабинетінің нөмірі:

1) Шағымдар пошта немесе қолма-қол, кеңсе - арқылы Бөлім бастығының атына Шыңғырлау ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде қабылданады, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91, N 4 кабинет, телефон: 33-147.

2) Шағымдар пошта немесе қолма-қол, кеңсе - арқылы Шыңғырлау ауданы әкімінің аппаратында қабылданады, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 95, N 6 кабинет, телефон: 33-764.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын құжаттың атауы: азаматтың жазбаша жүгінуін кіріс журналына тіркеу туралы талон немесе азаматты жеке мәселесімен қабылдау бойынша қабылдау уақыты көрсетілген карточка беріледі. Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген шағым міндетті түрде қабылдауға, тіркеуге, және қарауға жатады. Қарау мерзімі 15 күнтізбелік күн. Шағымның қаралу барысы туралы мәліметтерін бөлімнен білуге болады,

мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі 91, N 4 кабинет, телефон: 33-147.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Байланыс мәліметтері: Тұтынушыларды қабылдау Шыңғырлау ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіндегі белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

1) бөлім бастығы:

Мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91 , N 4 кабинет, телефон: 33-147, жұмыс кестесі: күн сайын сағат 9.00-18.30-ға дейін, демалыс және мерекелік күндерден басқа, тұскі үзіліс сағат 13.00-14.30-ға дейін. Жеке сұрақтар бойынша қабылдау: жұма күні сағат 9.00-13.00-ге дейін, мерекелік күндерден басқа;

Жоғары тұрған ұйымдардың байланыс мәліметтері:

1) "Батыс Қазақстан облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті" мемлекеттік мекемесі мекенжайы: Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 46, N 201 кабинет, телефон: 51-25-83;

2) Шыңғырлау ауданы әкімінің аппараты:

Мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі N 3 кабинет, телефон: 33-345.

25. Қосымша ақпарат: Бөлім сонымен қатар келесі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1) 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау;

2) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау;

3) материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу;

4) Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу;

5) Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру;

6) Мұгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу;

7) Тұрғын үй көмегін тағайындау;

8) Мұгедектерді сурдо-тифлокұралдармен және міндettі гигиеналық құралдар беру;

9) Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу;

10) Мүгедектер үйінде, оның ішінде бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу.

Бөлімнің сенім телефоны: 33-147.

"Жұмыссыз азаматтарды есепке  
кою және тіркеу" мемлекеттік  
қызмет көрсету стандартына  
қосымша

### Кесте. Сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсет кіштің нормативтік мәні	Көрсет кіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсет кіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Мерзімділігі			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % үлесі			
1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт кеткен тұтынушылардың % (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. қызметті ұсыну үрдісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс рәсімдеген жағдайдаңың (жүргізілген толемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)			
3. Қолжетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапага және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)			
3.3. интернет арқылы қолжетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			

Шыңғырау ауданы әкімдігінің

**"Семей ядролық сынақ полигонында ядролық  
сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды  
тіркеу және есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсету  
стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы - Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны – жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет төмендегі негізінде көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасының "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 12 бабы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 ақпандағы N 110 "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетіletіn мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысының 1-бөлімінің 23-тармағы.

4. Аталған мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің атауы - Шыңғырлау ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Бөлім), мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91, телефон: 33-147.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі) – Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу үшін тіркеу және есепке алу.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларына көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету қажетті құжаттарды тапсырған (тіркелген, талон алған сәттен бастап), мемлекеттік қызметті алу үшін электрондық сұрау

берген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсете мерзімі – өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезеңнен бастап ең аз уақыт мөлшері - 20 күнтізбелік күн;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде (тіркеу, талон алу кезінде және т.с.с.) кезек күтүге, электрондық сауалды қалыптастыруға рұқсат берілген ең ұзак уақыт – 20 минут;

3) мемлекеттік қызмет көрсете нәтижесі ретінде құжаттарды алған кезде кезек күтүге рұқсат берілген ең ұзак уақыт, файлдың рұқсат берілген жоғары мөлшері – 10 минут.

8. Мемлекеттік қызмет көрсете тегін жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсете сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі - бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттар, Шыңғырау ауданы әкімдігінің ресми сайты ([www.chingirlau.westkaz.kz](http://www.chingirlau.westkaz.kz)). Бөлімнің 1 қабатында, N 1 кабинеттің жанында орналасқан, мекенжайы: Шыңғырау ауданы, Шыңғырау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91.

10. Жұмыс кестесі – күн сайын, сағат 9.00-18.30, демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, үзіліс уақыты 13.00-14.30, аталған мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсете қарастырылмаған.

11. Осы мемлекеттік қызмет көрсете үшін ұсынылатын қолайлар:

1) бөлмеде мемлекеттік және орыс тілдерінде арыздардың үлгілері көрсетілген жазу үстелдері мен орындықтар қойылған;

2) кабинеттердің қасында күтүге орындықтар қойылған;

3) жаз мезгілдері тұрақты температуралы сақтау үшін ауа тазартқыш орналасқан.

4) есік алдында балалар мен мүгедектердің арбалары үшін пандус орнатылған ;

5) өрт қауіпсіздігі талаптары сақталған.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсете тәртібі**

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін, оның ішінде жеңілдіктері бар адамдар үшін қажетті құжаттар мен талаптар тізбесі:

1) өтініш;

2) "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңында белгіленген тәртіппен

берілген, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегушінің жеңілдіктер және өтемақы алу құқығын растайтын күәлік;

3) мұрағат анықтамалары, Халық депутаттары селолық, кенттік (ауылдық) кеңесінің, тұрғын-үй-пайдалану басқармаларының, үй басқармаларының, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдерінің, пәтер иелері кооперативтерінің анықтамалары;

4) еңбек кітапшасы;

5) оку орнын бітіргені туралы диплом;

6) әскери билет;

7) туу туралы күәлік, орта білім туралы аттестат, негізгі мектепті бітіргені туралы күәлік.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті бланктар беретін орын (өтініш нысандары және т.с.с.) - өтініш бланкілері Бөлімнің Бөлімнің 1 қабатында, N 1 кабинетте беріледі, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті толтырылған бланкілерді, өтініштер мен басқа да құжатты тапсыратын жауапты адамның кабинетінің мекенжайы мен нөмірі – Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л. Қылышев көшесі, 91, мекенжайында орналасқан Бөлімнің N 1 бөлмесіндегі маман.

15. Тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушының мемлекеттік қызметті алған күні бар барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын құжаттың атауы мен нысаны – мемлекеттік қызметті тұтынушының өтініші өтініштерді тіркеу кітабына жазылады, өтініштің қабылдану уақыты туралы хабарлама беріледі.

16. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі – тұтынушының жеке келуі. Біржолғы ақшалай өтемақыны алушыны тіркеу және есепке алу N 5 бөлмеде жүргізіледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді уақытша тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту негізdemelerінің толық тізімі:

1) осы стандарттың 12-тармақшасында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінің толық болмауы;

2) өтініш иесі бұрынғы жұмыс орнынан немесе тұрған жерінен біржолғы жәрдемақы алған жағдайда;

3) көрсетілген радиоактивтік ластануға ұшыраған аймақтарда толық бір жыл тұрмаған жағдайда.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Бөлім мамандары жұмыс барысында мынандай қағидаттарды басшылыққа алады: сыпайылық, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы жан-жақты ақпарат беру, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және қупиялылығын қамтамасыз ету.

#### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандартқа қосымшадағыға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

#### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Үәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағым дайындауға жәрдем көрсететін мемлекеттік органның атауы, лауазымды тұлғаның телефонының, кабинетінің нөмірі:

1) Тұтынушы егер Бөлім мамандарына шағымданған жағдайда, Бөлімнің бастығы шағымдану тәртібін түсіндіріп, шағым дайындауға жәрдем көрсетеді, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91.

2) Тұтынушы егер Бөлім бастығына шағымданған жағдайда Шыңғырлау ауданы әкімінің аппарат жетекшісі шағымдану тәртібін түсіндіріп, шағым дайындауға жәрдем көрсетеді, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев, 95, N 3 кабинет, телефон: 33-345.

22. Шағым берілетін мемлекеттік органның атауы, лауазымды тұлғаның кабинетінің нөмірі:

1) Шағымдар пошта немесе қолма-қол, кенсе - арқылы Бөлім бастығының атына Шыңғырлау ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде қабылданады, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91.

2) Шағымдар пошта немесе қолма-қол, кенсе - арқылы Шыңғырлау ауданы әкімінің аппаратында қабылданады, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев, 95.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын құжаттың атауы: азаматтың жазбаша жүгінуін кіріс журналына тіркеп, тіркеу туралы талон немесе азаматты жеке мәселесімен қабылдау бойынша қабылдау уақыты көрсетілген карточка беріледі. Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген шағым міндетті түрде қабылдауға, тіркеуге, және қарауға жатады. Қарау мерзімі 15 күнтізбелік күн.

Шағымның қаралу барысы туралы мәліметтерін бөлімнен білуге болады, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91.

## **6. Байланыс ақпараты**

24. Байланыс мәліметтері:

Тұтынушыларды қабылдау Бөлімнің жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

1) бөлім бастығы:

Мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 91 , N 1 кабинет, телефон: 33-147.

Жұмыс кестесі: күн сайын сағат 09.00-18.30 дейін, демалыс және мерекелік күндерден басқа, тұсқі үзіліс 13.00-14.30 дейін. Жеке сұрақтар бойынша қабылдау: бейсенбі күні сағат 09.00-12.30 дейін, мерекелік күндерден басқа.

Жоғары тұрган ұйымның байланыс мәліметтері:

1) Мемлекеттік мекемесі "Батыс Қазақстан облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті"

Мекенжайы: Орал қаласы, Сарайшық көшесі 46, N 201 бөлме, Байланыс телефоны: 51-28-83.

2) Шыңғырлау ауданы әкімдігі:

Мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 95 , N 3 кабинет, телефон: 33-345.

25. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен төмендегідей қосымша қызметтер көрсетіледі:

1) 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау.

2) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау.

3) Үйде тәрбиленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу.

4) Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу.

5) Жұмыссыз азаматтарды есепке қою және тіркеу.

6) Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру.

7) Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін құжаттарды ресімдеу.

8) Тұрғын үй көмегін тағайындау.

9) Мүгедектерді сурдо-тифлоқұралдармен және міндettі гигиеналық құралдар беру.

10) Мүгедектер үйінде, оның ішінде бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу.

Бөлімнің сенім телефоны: 33-147.

"Семей ядролық сынақ полигонында  
ядролық

сынақтардың салдарынан зардал шеккен  
азаматтарды тіркеу және есепке алу"  
мемлекеттік қызмет көрсету стандартына  
қосымша

### Кесте. Сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсет кіштің нормативтік мәні	Көрсет кіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсет кіштің есепті жылдағы мәні
1	2	3	4
<b>1. Мерзімділігі</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % үлесі			
1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт кеткен тұтынушылардың % (үлесі)			
<b>2. Сапасы</b>			
2.1. қызметті ұсыну үрдісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс рәсімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)			
<b>3. Қолжетімділік</b>			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапага және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)			
3.3. интернет арқылы қолжетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)			
<b>4. Шағымдану үдерісі</b>			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
<b>5. Сыпайылық</b>			

**"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге  
мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
стандарты**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы: Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз болатын нормативтік құқықтық актінің атауы мен бабы:

1) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәураны N 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 67-75 баптары;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 "Жеке және заны тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысының 2-бөлімі 24-тармағы.

4. Осы мемлекеттік қызметтің ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің немесе өзге де субъектілердің атауы: "Шыңғырау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырау ауданы, Шыңғырау ауылы, Шевцов көшесі, 18.

5. Тұтынушы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі): мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету қажетті құжаттарды тапсырған (тіркелген, талон алған сәттен бастап), мемлекеттік қызметті алу үшін электрондық сұрау берген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – өтініш беруші барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезеңнен бастап ең аз уақыт мөлшері - 30 минуттан аспайды;

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою жөніндегі өтініштері 1 ай ішінде қаралады.

2) Қажетті құжаттарды тапсырған кезде (тіркеу, талон алу кезде және т.с.с.) кезек күтүге, электрондық сауалды қалыптастыруға рұқсат берілген ең ұзақ уақыт: 30 минут;

3) Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжаттарды алған кезде кезек күтүге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт, файлдың рұқсат берілген жоғары мөлшері: 30 минут.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Қызмет көрсету тәртібі ақпарат көзі – бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттар, Шыңғырлау ауданы әкімдігінің ресми сайты ([www.chingirlau.westkaz.kz](http://www.chingirlau.westkaz.kz)).

Бұл стандарт Шыңғырлау ауданының "Тұрғын үй коммуналдық, шаруашылық жолаушы көлігі және автомобиль жолдар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің дәліздегі қабырғада орналасқан, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, 18, телефон: 33-010, 34-280.

10. Жұмыс кестесі – күн сайын сағат 09.00-18.30 дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, үзіліс уақыты сағат 13.00-14.30 дейін, аталған мемлекеттік қызметті алу үшін алдын-ала жазылу және жедел қызмет көрсету қарастырылмаған.

11. Осы мемлекеттік қызметті көрсету үшін келесі жағдайлар жасалған:

1) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өтініштердің үлгісі орналастырылған стендтің алдында жазба үстелдері және отырғыштар қойылған;

2) кабинетте күту үшін орындықтар қойылған;

3) жазғы уақытта ықтимал температура ұстай үшін кондиционер қондырылған.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін, оның ішінде женілдіктері бар адамдар үшін қажетті құжаттар мен талаптар тізбесі:

1) Есепке қою туралы өтініш;

2) Азаматтарды тіркеу кітабын, қажет болса өтінуші "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың басқа адамдарды отбасының мүшесі деп тану туралы анықтамасын табыс етеді;

3) Өтінушінің және онымен ұдайы тұратын отбасы мүшелерінің меншік құқында оларға тиесілі үй-жайдың жоқтығы туралы анықтамасы;

4) Әлеуметтік қорғау органдың өтінуші (отбасы) әлеуметтік қорғалатын азаматтарға жататының растайтын анықтамасын, не мемлекеттік қызмет иесінің, бюджеттік ұйым қызметкерінің, әскери қызметшінің жұмыс (қызмет) орнынан анықтамасын тапсырады.

5) Қажет болса өтінуші сондай-ақ отбасында қосымша түрғын бөлмеге құқылы ауыр сырқат түрімен ауыратын адам бары туралы мемлекеттік денсаулық сақтау мекемесінің анықтамасын тапсырады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылуы қажет бланк берілетін орын (өтініш нысандары және т.с.с.): "Шыңғырлау ауданының түрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі. Мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, 18, телефон: 33-010, 34-280.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті не толтырган бланкілерді, нысандарды, өтініштерді және басқада құжаттарды тапсыратын жауапты адамның мекенжайы және кабинетінің нөмірі: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, 18, телефон: 33-010, 34-280.

15. Тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырганың растайтын - кіріс құжаттарды тіркеу журналдағы нөмірі.

16. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі тұтынушының жеке өзінің келуі. Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі N 18 үй, 2-қабат, 2-бөлме, телефоны: 34-280.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту негіздерінің толық тізбесі:

1) Осы Стандарттың 12-ші тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет алуга қажетті құжаттар толық болмауы;

2) Егер азаматтың соңғы бес жылдың ішінде өз түрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатуы салдарынан мынадай жолдармен мүқтажға айналғаны:

1) түрғын үй-жайын ауыстырғаны;

1) оның Қазақстан Республикасының белгілі бір елді мекенінде орналасуына қарамастан, өзіне меншік құқығымен тиесілі, тұру үшін жарамды түрғын үйді, жергілікті атқарушы орган түрғын үйді Қазақстан Республикасының "Түрғын үй қатынастары туралы" Заңының 98-1-бабына сәйкес сатып алғаннан баса жадайларда, иелігінен шығаруы;

2) тұрын үйдің өз кінәсінен бұзылуы немесе бұлінуі;

3) түрған кезінде оның мемлекеттік түрғын үй қорынан түрғын үй немесе жеке түрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған түрғын үй берілуіне мүқтаж болмаған кезде түрғын үйінен кетуі;

5) жұбайынан, кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз балаларынан, сондай-ақ еңбекке жарамсыз ата-аналарынан басқа адамдарды түрғызғаны

анықталса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру үшін есепке қоюдан бас тартылуы мүмкін.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Бөлімінің мамандары жұмыс барысында мынандай қағидаттарды басшылыққа алады: сыпайылық, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы жан-жақты ақпарат беру, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялыштың қамтамасыз ету.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандартқа қосымшадағыға сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Үәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағым дайындауга жәрдем көрсететін мемлекеттік органның атауы, лауазымды тұлғаның телефонының, кабинетінің нөмері:

1) Қызметкердің іс-әрекетіне шағымдану тәртібін Шыңғырлау ауданының "Тұрғын үй коммуналдық, шаруашылық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы түсіндіреді, Мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, 18, телефон: 33-010.

2) Бөлім басшысының іс-әрекетіне шағымдану тәртібін Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратының басшысы түсіндіреді, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, 18, телефон: 33-010, 34-280.

22. Шағым берілетін мемлекеттік органның атауы, лауазымды тұлғаның кабинетінің нөмері:

1) Шағымдар пошта немесе қолма-қол "Шыңғырлау ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы жазбаша түрде қабылданады, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, 18, телефон: 33-010.

2) Шағымдар пошта немесе қолма-қол Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратының кеңесінде қабылданады, мекенжайы: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі 18, телефон: 33-010.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын құжаттың атаяу: азаматтың жазбаша жүгінуін кіріс журналына тіркеп, тіркеу туралы талон немесе азаматты жеке мәселесімен қабылдау бойынша қабылдау уақыты көрсетілген карточка беріледі. Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген шағым міндettі түрде қабылдауға, тіркеуге, және қарауға жатады. Қарau мерзімі 15 күнтізбелік күн.

Шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды адамның байланыс мәліметтері: мекенжайы Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, 18, телефон: 33-010.

## 6. Байланыс ақпараттары

24. Байланыс деректері: Тұтынушыларды қабылдау бөлімнің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

1) Бөлім бастығы:

Жұмыс кестесі: күн сайын сағат 09.00-18.30-ға дейін, сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа, түскі үзіліс сағат 13.00-14.30-ға дейін. Жеке сұрақтар бойынша қабылдау: сәрсенбі, сағат 09.00-12.00-ге дейін, мерекелік күндерден басқа. Қабылдау Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, 18, телефон: 33-010 мекенжайы бойынша жүргізіледі.

Жоғары тұрған ұйымның байланыс мәліметтері:

Жергілікті атқарушы орган Шыңғырлау ауданы әкімінің аппараты, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі 18, телефон: 33-345 мекенжайы бойынша, жұмыс кестесі – күн сайын, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 09.00-18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-14.30-ға дейін.

25. Қосымша мәлімет: Аталған қызметтерден басқа "шыңғырлау ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушы көлігі және автомобиль жолдар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің тұрғын үй және жекешелендіру бөлімі мемлекеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік қордан тұрғын үй беру, тұрғын алаңына шешімдер беру мемлекеттік қызмет тұрлерін көрсетеді.

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын  
үйге  
мұқтаж азаматтарды есепке алу және  
кезекке  
қою" мемлекеттік қызмет көрсету  
стандартына  
қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсет кіштің нормативтік мәні	Көрсет кіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсет кіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4

<b>1. Мерзімділігі</b>			
1.1. құжаттарды тапсырган сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % үлесі			
1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт кеткен тұтынушылардың % (үлесі)			
<b>2. Сапасы</b>			
2.1. қызметті ұсыну үрдісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс рәсімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)			
<b>3. Қолжетімділік</b>			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапага және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырган және бірінші реттен тапсырган оқиғалардың % (үлесі)			
3.3. интернет арқылы қолжетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)			
<b>4. Шағымдану үдерісі</b>			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)			

Шыңғырау ауданы әкімдігінің  
2008 жылғы 27 мамырдағы  
N 100 қаулысымен бекітілген  
4 қосымша

**"Патронаттық тәрбиелеуге балаларды алуға тілек  
білдірген отбасылардан өтініштер қабылдау"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы: Патронаттық тәрбиелеуге балаларды алуға тілек білдірген отбасылардан өтініштер қабылдау.

Тәрбиенің патронаттық түрі – Қамқорлық және қорғаншылық органы мен баланы тәрбиелеуге алғысы келетін адамның (патронат тәрбиеші) келісімі бойынша ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды сол азаматтардың отбасыларына тәрбиелеуге беру.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз болатын:

1) Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 119-123 баптары;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі N 1346 қаулысымен бекітілген патронат туралы Ереже;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 "Жеке және занды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысының 1-бөлімі 25-тармағы.

4. Осы мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органдың, мемлекеттік мекеменің немесе өзге де субъектілердің атауы: "Шыңғырау ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады (одан әрі – Бөлім). Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырау ауданы, Шыңғырау ауылы, Л.Қылышев көшесі, 89, N 1 кабинет, телефон: 33-637.

5. Тұтынушы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі): патронаттық тәрбиелеуге балаларды алуға тілек білдірген отбасылардан өтініштер қабылдау.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларына көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған (тіркелген сәттен, талон алғаннан бастап және т.с.с.), электрондық саул берген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері – 30 күнтізбелік күн ішінде ;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде (тіркеу, талон алу кезде және т.с.с.) кезек күтүге, электрондық саулалды қалыптастыруға рұқсат берілген ең ұзақ уақыт – 20 минут;

3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжаттарды алған кезде кезек күтүге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт, файлдық рұқсат берілген жоғары мөлшері – 10 минут.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тегін жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі – бұқаралық ақпарат құралдары, ауданы

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің ресми сайты([www.chingirlau.westkaz.kz](http://www.chingirlau.westkaz.kz)). Бұл стандарт Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі 89 (телефон: 33-637) мекенжайында білім бөлімінің дәлізінде орналасқан.

10. Жұмыс кестесі – күн сайын, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 09.00-ден 18.30 дейін, сағат 13.00-14.30-ға дейін түскі үзіліс. Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсету қарастырылмаған.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін келесі жағдайлар жасалған:

- 1) мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған өтініштердің үлгілері бар тақтаның алдында вестибюлде орналасқан үстелдер мен орындықтар;
- 2) қуту кабинеттерінің қасына дәліздерге қойылған орындықтар.
- 3) өрт қауіпсіздігі талаптары сақталған.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар мен талаптар, соның ішінде мемлекеттік қызметті алу үшін жеңілдіктері бар тұлғаларға:

- 1) адамның патронаттық тәрбиеші болғысы келетіні туралар өтініші;
- 2) егер патронаттық тәрбиеші болуға тілек білдірген адам некеде тұратын болса жұбайының келісімі;
- 3) патронаттық тәрбиеші болуға тілек білдірушінің денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 4) егер патронаттық тәрбиеші болуға тілек білдірген адам некеде тұратын болса жұбайының жай-күйі туралы анықтама;
- 5) баланы тәрбиелеуге үміткердің тұрмыс жағдайын тексеру актісі;
- 6) патронаттық тәрбиешіге тәрбиеленуге берілетін баланың тұрмыс жағдайын тексеру актісі.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылуы қажет өтініш нысандарын және басқа да құжаттар тізімі берілетін орын: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі 89, 1 кабинет (телефон: 33-637) мекенжайында.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті өтініштер мен басқа да құжаттарды бөлім мамандарымен мына мекенжайға тапсырылады: Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі 89, 1 кабинет.

15. Тұтынушы барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын дәлелдейтін құжаттырдың нысаны, атауы: қамқоршылық және қорғаншылық бойынша кеңестің шешімі.

16. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілдері – Келісім Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көшесі 89, 1 кабинет (телефон 33-637) мекенжайында білім бөлімінің әкімшілік бөліміне жеке келген кезде беріледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді уақытша тоқтатуға немесе бас тартуға негіздемелердің толық тізбесі:

- 1) ұсынылған құжаттардың осы стандарттың 12-тармағында көзделген талаптарға сай келмеуі;
- 2) 10 жасқа толған кәмелетке толмаған баланың жазбаша келісімінің болмауы.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Бөлім жұмыс кезінде сыпайылық, мемлекеттік қызмет туралы толық мәлімет берілуі, сақталуын қамтамасыз ету, тұтынушы құжатының мазмұны туралы ақпараттың құпиялығы және қорғалуы сияқты қағидаттарды басшылыққа алады.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа қосымшага сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағым дайындауға жәрдем көрсететін мемлекеттік органның атауы, электрондық поштасының мекенжайы, шақыруларды өндеу орталықтарының (call-орталықтар) телефон нөмірлері не лауазымды адам кабинетінің нөмірі.

1) Бөлім мамандарының іс-әрекетіне шағымдану тәртібін Шыңғырау ауданы, Шыңғырау ауылы, Л.Қылышев көшесі 89, З кабинет, телефон: 33-260 мекенжайында орналасқан "Шыңғырау ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы түсіндіреді.

